

ТҮРКИСТАН

Исра және миғраж кеші

Ережеп айының 26-сынан 27-сіне ауған түнді исра және миғраж түні деп атайды. Осы түнде Пайғамбарымыз хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Меккедегі әл-Харам мешітінен Құдыстағы (Иерусалим) әл-Ақса мешітіне бір сәтте исра жасаған (араб тілінде ол «түнгі сапар» деп аталады). Одан миғражға – жеті қат көкке көтеріліп Аллаһ тағаламен тілдесті. Бес уақыт намаз осы түнде парыз етілді. Миғраж – Аллаһ тағалаға жақындаудың ең жоғарғы дәрежесі. Миғраж – пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ең үлкен мұғжизаларының бірі. Мұғжиза пайғамбарға тән. Құдіреті күшті бір Аллаһқа және пайғамбарымызға сенген адам мұғжизаға да сенеді.

Миғраж жайлы біраз дүниелер бар. Соның ішінде қасиетті Құраннан кейінгі сенімді кітап – Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінің жинағы – имам әл-Бухаридің “Сахих әл-Бухариі” және “Сихах ас-ситта” кітаптары.

Исра және миғраж ислам тарихындағы ең қиын кезеңде болған еді. Бұл кезеңде пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) басшылығындағы аз ғана мұсылмандар мүшріктердің зорлық-зобалаңынан, мұсылмандарды Аллаһ жолынан қайтару үшін жасаған әрекеттерінен қиналған еді. Миғраж оқиғасы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сенімді қорғандары мен аяулы қамқоршылары – атасы Әбдімүттәліп, ағасы Әбу Тәліп және жұбайы әрі ақылшысы Хадиша дүниеден өткен жылы болған. Яғни 621 жылы, ережеп айының 26-сынан 27-сіне өтер түнде, дүйсенбіде, Мекке қаласынан Мәдинаға hijрат етуден 18 ай бұрын Аллаһ тағала Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) исра және миғражбен кереметтеді. Бұл оқиға Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үшін Аллаһ тағала тарапынан үлкен жұбаныш әкелді. Үміт шамын қайта жақты.

Осы түнде Жәбірейіл (ғ.с.) періште Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): “Ей, Мұхаммед, Аллаһ тағала ешкімге нәсіп етпеген шарапатты саған нәсіп етті. Сені құзырына шақырып жатыр”, — дейді. Осыдан кейін Жәбірейіл (ғ.с.) Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымызды әл-Харам мешітінен әл-Ақса мешітіне бір сәтте алып келді. Аллаһ тағала қасиетті Құранда: “Аллаһ – пәк. Мұғжизаларымызды көрсету үшін (Аллаһ тағала) бір түні Өз пендесін(Мұхаммедті) әл-Харам мешітінен төңірегі тұнған береке-байлық – әл-Ақса мешітіне алып келді. Шынында, Ол (Аллаһ тағала) есітуші әрі көруші”(“Исра” сүресі, 1-аят),— делінген.

Аяттағы пендесі деген сөз Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды білдіреді. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз Аллаһтың пендесі екендігін мақтаныш ететін еді. Сондықтан Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұсылмандарға шәһәда калимасында Мұхаммед (с.ғ.с.) Аллаһтың елшісі дегеннен кейін және пендесі деп қосып айтуды бұйырды. Аятта айтылмай-ақ, пендесін делінуі

Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) көрсетілген құрмет, әрі бұл сөз оған сол уақытта жұбаныш болды.

“Исра” сөзі түннің бір бөлігін серуендеумен өткізу деген ұғымды береді. Ал, шариғат тілінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) түннің бір сәтінде әл-Харам мешітінен әл-Ақса мешітіне барғанын білдіреді.

Шариғат бойынша үш жер әл-Харам деп аталады: Қағба мешіті (Меккеде), Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мешіті (Мәдинада) және әл-Ақса мешіті (Иерусалимде). Өйткені бұл мешіттердің төңірегінде ауыр қылмыс пен үлкен күнәларды жасауға тыйым салынған.

Аяттағы әл-Харам мешіті деп Мекке қаласы түсініледі. Әл-Ақса мешіті кезінде Мұса мен Иса және олардың арасында өткен пайғамбарлардың (ғ.с.) қыбыласы болған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) да Меккедегі әл-Харам мешіті қыбыла болғанға дейін Исқақ пен Якуб (ғ.с.) екеуі салған әл-Ақса мешітіне қарап намаз оқыған. Бұған қажылық сапарына барған бауырларымыз Мәдинадағы әл-Қибләтайн мешітінде болғандарында көздері жетеді. Ақса – ұзақ, алыс бір шеттегі деген мағынаны білдіреді. Сол заманда әл-Ақса мешіті Меккеге қарағанда алыс, шеттегі ғибадатхана еді. Сол себепті де ол әл-Ақса атанып кеткен.

Әл-Ақса мешіті Аллаһ тағала тарапынан берекелі мекен етілген. Оның хабарын аятта: “Төңірегі тұнған береке-байлық”, — делінді. Өйткені, расында да ол мекен мұбарак етілгендігінен Аллаһ тағала топырағын өте құнарлы, егіндерінің өнімін мол, ауа-райын ғажап, суларын мөлдір, әрі шипалы еткен. Сондай-ақ, осы өлкеден көп пайғамбарлар шыққан.

Исра оқиғасы түс те емес, рухани серуен де емес. Ол Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өңінде әрі денесімен, әрі рухымен жасалған сапар. Аятта “Өз пендесін” деген сөзден әрі денесі, әрі рухы түсініледі. Тек қана рухы болғанда “пендесінің рухын” делінген болар еді.

“Миғраж” сөзінің мағынасы – биікке көтерілу, жоғарылау. Шариғатта – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Бәйт әл-Мақдис мешітінен аспандағы Сидрат әл-Мұнтәһәға – Аллаһ тағала құзырына көтерілгенін айтамыз. Сидрат – ағаш, ал мұнтәһә – соңғы деген сөз. Мұнан әлемнің соңғы шегі түсініледі. Миғраж мәселесі мутауатыр хадиспен бекітілген. Мутауатыр хадисті кемінде қырық сахаба риуаят етеді. Шариғат заңы бойынша, кімде-кім мұндай хадистердің бірін мойындамаса, ол кәпір болады. Мутауатыр хадистердің дәрежесі жоғары жүретін Құраннан кейінгі бастаулардың бірі болып саналады. Демек, миғражға сену парыз.

Миғраж оқиғасын баяндаудағы мақсат: “Мұғжизаларымызды көрсету үшін еді”, — деп баяндайды Аллаһ тағала Өзінің қасиетті кітабында. Шексіз дүниені, ұшы-қиырсыз ғарышты, көктегі аспан қабаттарын, пейіш пен тозақты көру Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға нәсіп етілді. Бір түннің ішінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көптеген мұғжизалар көре алды. Бұл оқиғаның растығын “Нәжім” сүресі де растайды: “Расында ол Жәбірейілді өз суретінде екінші рет Сидрат әл-Мунтәһәда көрді” (“Нәжім” сүресі, 13-14 аяттар), — делінген.

Барлық пайғамбарлардың тарихында жалғыз, әрі теңдессіз мұғжиза – Мұхаммедтің (с.ғ.с.) миғражға шыққандығын қуаттай отырып, Аллаһ тағала Пайғамбар (с.ғ.с.) адаспағандығын, ол өзінше сөйлемейтіндігін, көргенінің барлығы рас екендігін, тіпті Жәбірейілді (ғ.с.) де өз суретінде көргендігіне серт етеді. Әдетте Жәбірейілді (ғ.с.) күллі пайғамбарлар адам суретінде көрген. Ал бұл кеште және бұдан бұрын бір рет хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз Жәбірейілдің нағыз өзін де көрген еді.

Оқиға арқылы көзделген тағы бір мақсат – адамдарды сынау еді. Аллаһ тағала ол туралы қасиетті Құранда: “(Ей, Мұхаммед!) Саған (миғражда) көрсеткен нәрселерімізбен адамдарды сынап бақтық” (“Исра” сүресі, 60-аят), — деген.

Яғни, пайда жолына түскен, ой өрісі тар, дүниенің қалай пайда болғанын және де Аллаһ тағала құдіретіне күмәнмен қарап, сауатсыздықтан аса алмайтындардың: “Керуен бір айда әрең барып келетін ұзақтықты Мұхаммед қалай бір түнде жүріп өтеді?” — деген сияқты мәнсіз сөздеріне Әбу Бәкір: “Егер Мұхаммед осылай деген болса, онда ол дұрыс айтыпты. Мен оны бұдан да ұзағыраққа бардым десе де растаймын”, — деп жауап берген.

Енді оқиғаның қандай болғандығын хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың өзінен есітелік.

Хадис шәріпте: “Жәбірейіл (ғ.с.) маған пырақ (бурак) деген жануарды жәннәттан алып келді. Пырақ есектен биік қашырдан аласа болған, қадамын көз ұшы жететін жерге тастайтын жүйрік жануар. Оған бұрын өткен пайғамбарлар да мінген екен.

Мен пыраққа мініп Байт әл-Мақдиске келдім. Мешітке кіріп екі ракағат намаз оқып шыққаннан кейін Жәбірейіл (ғ.с.) бір қолындағы ыдыспен арақ, екінші қолындағы ыдыспен сүт алып келіп: “Бірін таңда”, — деді. Мен араққа қарамай, сүтті таңдап едім, Жәбірейіл (ғ.с.): “Сен Фитратты, яғни ақиқатты таңдадың, — деді қуанып, — Егерде арақты таңдағаныңда, үмметің тура жолдан адасар еді”, — деді.

I ҚАБАТ

Содан кейін мен пыраққа мініп, Жәбірейіл (ғ.с.) жетектеп, жер бетінен көкке көтеріліп, аспанның бірінші қабатына жеттік. Жәбірейіл (ғ.с.) аспанның бірінші қабаты есігінің сақшы періштесіне: “Аш”, — деп есіктің ашылуын сұрады. Көктен: “Сен кімсің?” — деген дауыс келді.

– «Мен Жәбірейілмін», — деді.

– «Қасыңдағы жолдасың кім?» — деп сұрады. Жәбірейіл (ғ.с.):

– «Бұл Мұхаммед (с.ғ.с.)», — деп жауап берді.

– «Оған пайғамбарлық жіберілді ме?» — деп сұрады сақшы періште.

Жәбірейіл (ғ.с.):

– «Иә, жіберілді», — дегеннен кейін аспан есігі ашылды. Бірінші болып қарсымыздан Адам (ғ.с.) шықты. Ол (ғ.с.) маған: “Ей, қадірлі перзентім, қош келдің”, — деп ақ батасын берді.

II ҚАБАТ

Ол жерден аттанып аспанның екінші қабатына жеттік. Оның есігінің алдында да жоғарыдағыдай сұрақ-жауап болды. Хазреті Яхья (ғ.с.) мен Иса (ғ.с.) пайғамбарлар осында екен. Олар да қарсы алып, жақсы баталар берді.

III ҚАБАТ

Аспанның үшінші қабатында Жүсіп пайғамбарға (ғ.с.) жолыққанда, ол да тілегін айтып, құттықтады. Расында Аллаһ тағала Жүсіпке (ғ.с.) дүние көркінің жартысын берген екен.

IV ҚАБАТ

Төртінші қабатқа беттедік, онда өтісімен Аллаһ тағала “Мәриям” сүресінде: “Біз оны жоғары мәртебеге көтердік” (“Мәриям” сүресі, 57-аят), — деп хабар бергеніндей Ыдырыс (ғ.с.) пайғамбармен кездестік.

Кейін үлкен бір періштені көрдім, аяғы жердің жетінші қабатында, басы Арш астында. Ол нұрдан болған бір күрсіде отыр еді. Алдында, оң және сол жағындағы қаптаған періштелер Аллаһтың әмірін күтуде. Оң жағында Лауах, сол жағында үлкен ағаш бар еді.

Ол ешқашан күлмейді екен. Сонда мен: “Ей, бауырым Жәбірейіл! Бұл кім?” — деп сұрадым. Ол (ғ.с.): “Дүние ләззатын қырқатын, жамағаттан ажырататын, үйлерді қирататын, қабырларға өмір беретін, жасөспірімдерді жетім, әйелдерді жесір, босағаны қаралы ететін, жас жігіттерді сындыратын өлім періштесі Әзірейіл мен тозақты қорғаушы періште. Бұлар еш күлген емес. Оларға жақын барып сәлем бер”, — деді.

Мен барып сәлем бердім. Менің сәлемім алынбады. Жәбірейіл (ғ.с.): “Хақтың хабибі, халықтың сәйідіне неге сәлем бермейсіңдер?” — деді оларға. Жәбірейілдің (ғ.с.) кәләмін ести сала олар тік тұрып сәлем берді. Раббым тарапынан құрмет көрсетіп: “Ей, Мұхаммед! Сүйінші! Қиямет қайымға дейін қайырлық саған және сенің үмметіңе қонды”, — деді. Мен: “Ей, бауырым Әзірейіл! Мынау сенің мақамың ба?” — деп таңдана сұрадым. Ол: “Иә, Раббым жаратқаннан қиямет қайымға дейін осы мақамдамын”, — деді ол әрі қарай сөзін жалғастырып: “Өмір уақыты бітіп, ажалы жеткен кісіге қырық періштені жіберемін. Олар оның жанын теріден, жүйкеден, еттен, қаннан ажыратып алады. Жан алу тырнақ ұшынан басталып, тізеге жеткенде аздап дем береді, кейін жанталасу қайта басталып, жан кіндікке келгенде тағы дем беріледі, сосын жан алқымға келеді, сонда ғарғара сәті басталады. Кейін ағашты тамырымен суырып алғандай денеден жан суырылып алынады. Екі көз ұйқыда болса, жабық күйінде, ашық болса, ашық күйінше қалып, жанары жоғары қарап қалады. Өйткені көз жанға ілеседі. Мына екі найзамның бірімен жанды іліп аламын. Бұл найзаларымның бірі нұрдан, бірі ашу-ызадан жаралған. Адамның рухы жақсы болса, нұрлы найзамен жанын алып иллийінге жөнелтем. Ал жаман болса, жанды ашу-ызалы найзамен шаншып аламын да сижжинге жіберем.

Сижжин – жеті қат жердің ең төменінде жайласқан қара сахара. Ол жерде куффар, фужжар болғандардың жандары сақталады», — деді.

Мен одан: “Пенде ажалы жақындағанын біле ме, білмей бе?” — деп сұрадым. Ол: “Ей, Мұхаммед! Кез келген пенде үшін аспанда екі есік бар. Бір есіктен оның ризық-несібесі түсіп тұрса, бір есіктен оның амалы кіріп тұрады. Менің сол жағымда тұрған мынау ағашта Адам ұрпағының әрбірінің аты жазылған жапырақтар бар. Егер бір адамның ажалы жақындаса, аты жазылған жапырағы сарғайып, ризық-несібесі келіп тұратын есік алдына түседі. Лаухтағы есімі қарайып өшіп кетеді.

Мынаны біліп ал! Ажалы жеткен пендеге мен бір қарасам – оның денесі дірілдей бастайды. Менің сұсымнан жүрегі әлсіз екенін сезінеді. Кейін қырық періште жіберемін. Олар оның рухын әзірлейді.

Мен: “Ей, Әзірейіл! Маған Аллаһ жаратқан, адамның жанын алатын өз бейненді көрсет”, — деп өтіндім. Ол: “Ей, бауырым! Оған ешбір жанның

назары шыдай алмайды”, — деп жауап қайырды. Сол кезде жоғарыдан бір дауыс келіп: “Бауырың Мұхаммедке көріне ғой”, — деді. Сол сәт өлім періштесі өзінің ұлы бейнесінде көрінді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): “Өлім періштесі маған бір қарағанда, мен бұл дүниені сендердің қол-дарыңдағы қолдан қолға ауысып жүретін бір тиынға ұқсаттым. Жүрегім жарылып кетуге шақ қалды. Сонда Жәбірейіл досым кеудеме қолын қойып еді, жаным мен ақылым кірді”. Жәбірейіл маған: “Ей, Мұхаммед! Бұлай болса, қабір қараңғылығының қорқынышы, Мұнкар мен Накирдің сұрағы қалай болмақ?”, — деді.

V ҚАБАТ

Одан да жоғары көтеріліп, аспанның бесінші қабатына Һарун (ғ.с.) пайғамбарға жолықтық. Һарун (ғ.с.) көп жақсы баталар беріп, аса құрмет көрсетті.

VI ҚАБАТ

Алтыншы қабатта Мұса (ғ.с.) пайғамбарға жолықтық. Ол да игі тілек, бата берді.

Ол жерден де пырақпен ұшып, жетінші көкке көтерілгенімізде, қазіргі Қағбаның орнында болған, кейін Нұһ (ғ.с.) дәуірінде топан суға қалдырмай періштелер аспанға көтеріп кеткен Бәйт әл-Мағмурға сүйеніп отырған кісіні көргенімізде, маған Жәбірейілден Ибраһим атаңыз деген белгі берілді. Мен лезде сәлем бердім. Менің сәлемімді алғаннан кейін: “Қадірлі перзентім, ұлы мақамдарға қош келдің”, — деп дұғасын жасады.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтуынша осы Бәйт әл-Мағмур жаратылғаннан бері оған күн сайын жетпіс мың періште кіріп зиярат етеді екен. Періштелердің көптігі соншалық онда бір кірген періштеге қиямет күніне дейін қайта зиярат етуге кезек жетпейді.

VII ҚАБАТ

Ол мекендерден де әрі өтіп, жетінші көкке Сидрат әл-Мұнтәһәға да жеттік, ол Аллаһтың құдіретіне белгі болардай, жемісті үлкен ағаш екен.

Сидрат әл-Мұнтәһә — адамзат әлемінің соңғы шеті. Пайғамбардың, періштелердің жеткен білімдерінің шегі. Оның көркемдігін ешбір пенде сипаттай алмайды. Сидрат – бақыт әлемінің астындағы Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) да, періште де әрі қарай өте алмайтын, Аллаһтан басқа ешкім білмейтін ғайып әлемі. Пайғамбарымыз осы ағаштың астына келгенде Аллаһ

тағала өз пендесі Мұхаммедті (с.ғ.с.) құрметтеу үшін оған: “Безен”, — деді. Сонда ол ағаштың жамалы тамаша күйге безенді, ол Аллаһтың өзі ғана сипаттай алатын дәрежеде еді. Жәбірейіл періштенің мақамы осы орын екен.

Бұл жерде Жәбірейіл періште Мұхаммедке (с.ғ.с.): “Екеуміздің де шекарамыз бар. Менің шекарам осы арада бітеді. Мұнан ассам біткенім. Ал, сен Аллаһтың мейманысың, Аллаһ тағала сені өзіне шақырған. Сен адамзатына жіберілген рахмет алып келуші пайғамбарсың. Мұнан әрі өзің барғайсың”, — деді.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ол арадан қаншалықты дәреже көтерілгені, қалай көтерілгені сыр боп қалған.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұнан кейінгі сапары жайында: “Жәбірейілмен қоштасып қайырласқан соң, қорқа бастадым. Сол мезет Раббым Аллаһтың даусын естідім. Аллаһ тағала маған: “Ей, Мұхаммед, менімен сөйлес!” — деді. Мен сөйлеуге сөз таба алмадым. Бірақ Аллаһ менің көкірегіме салды. Мен: “Ей, тәңірім Аллаһ! Тілмен, жан-тәніммен, мал-дәулетіммен жасалатын ғибадаттарымының баршасы сен үшін”, — дедім. Сонда Аллаһ тағала: “Ей, Аллаһтың елшісі, саған сәлем мен Аллаһтың рахметі және берекеті болсын!” — деді. Мен: “Сәлем бізге және Аллаһтың ізгі пенделеріне болсын”, — дедім.

Мұндағы бетпе-бет сөйлесуден кейін Ұлы Ғарышта – аспанның жоғарғы қабатында періштелер бір ауыздан танымал сөзді оқыды: “Аллаһтың барлығы мен бірлігіне, хазреті Мұхаммед Аллаһтың пендесі және елшісі екендігіне куәлік береміз”, — деді. Біз әр намазда оқып жүрген “Әттәһият” дұғасы – осы, Аллаһ тағала мен пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) миғражда сөйлесуінен келіп шыққан дұға.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) миғраж түні: “Үмметім, үмметім”, — деп жылап, Өзіне ілескен барлық мұсылмандар үшін көп дұға-тілектер жасады, ғапу сұрады. Аллаһтан үмметтері үшін де миғраж сұрады: “Ей, Тәңірім, миғраж мұғжизасымен мені нығметтендірдің. Үмметім үшін де осындай бір нығмет тілеймін”, — дегенінде, Хақ тағала: “Намаз момындардың миғражы”, — деп Мұхаммед үмметіне миғраж дәрежесінде жүретін намаз ғибадатын сыйлады.

Миғраж түнінде пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) үш сый жасалды:

1. “Бақара” сүресінің соңғы екі (285-286) аяты “Амәнәр-расул” уахи етілді.
2. Пайғамбарымызға қиямет күні үмметіне шапағат ету мүмкіншілігі берілді. Қияметте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күнәһар мұсылмандарға жәрдем беріп, оларды азаптан құтқарады.

3. Миғраждың ең үлкен сыйы – бес уақыт намаз.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): “Аллаһ тағала маған және үмметіме әр күні елу уақыт намаз оқуды парыз етті. Қайтарымда Мұсаға (ғ.с.) жолыққанымда, Мұса (ғ.с.): “Ей, Мұхаммед, Раббыңнан жеңілдетуін сұра. Себебі үмметің оның үдесінен шыға алмай қалуы мүмкін. Мен сенен бұрын Бани Исраиыл қауымын сынап көргем”, — деп ол жерден мені қайтарды.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайта оралып, жеңілдік сұраған еді, әр күні бес уақыт намаз оқу бұйырылды. Аллаһ тағала: “Ей, Мұхаммед (с.ғ.с.), әр күнгі және түнгі оқылатын елу уақыт намазды бес уақытқа қысқарттым. Осы бес уақыт намаз елу уақыт намаздың орнын басып, әр намазға он сауаптан жазамын. Сол секілді үмметіңнен кімде-кім бір жақсылықты (сауап істі) ниет етіп, орындамаса бір сауап жазылады. Ал, орындаса он сауап жазылады. Кімде-кім бір жамандықты ниет етіп, істемесе еш күнә жазылмайды. Ал, істесе бір күнә жаздырамын”, — деді. Мен ризалығымды білдіріп кейін қайттым. Жолда Мұсаға (ғ.с.) қайта жолығып хабарды айттым. Мұса (ғ.с.): “Раббыңа қайта барып, мұнан да жеңілдету шарасын жаса”, — деді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қайта баруға ұялып, Мұсаның кеңесін орындауға батылдық жасай алмады. Содан қиямет қайымға дейін бес уақыт намаз үмметке парыз болып қалды.

Аллаһ тағаланың құдіретіне белгі болатындай көп мұғжизаларды көруді Расулуллаһқа нәсіп етті. Ең ұлысы Аллаһ тағаланың кемел дидарын көру болды. Бұл ешбір пайғамбарға нәсіп етпеген ең ұлық керемет еді. Сол үшін пайғамбарымызға берілген есепсіз мұғжизалардың ең үлкендерінің бірі – миғраж мұғжизасы. Өйткені, ең төменгі әлемдегі тозақты, ең жоғарғы әлемдегі пейішті өз көзімен көріп, тамашалады. Ия, шегі шексіз әлемді қыдыру, көптеген оқиғаларды көру түннің бір бөлігінде ғана болып өтті. Біз момын-мұсылмандар бұл ұлы мұғжизаға иманмен қараймыз.

Таңертең Үммі ханиге: “Пайғамбарлар жиналды, оларға намаз оқып бердім...”, — деп оқиғаның баршасын айтып берді. Кейін кетпек боп орнынан тұрғанда Үммі хани ол кісінің етегіне жабысып алды. Мұхаммед (с.ғ.с.) оған: “Саған не болды”, — деп таңданды. Сонда Әбу Тәліптің қызы: “Құрайыштықтар саған жалған айтады деп жала жабуынан қорқам”, — деген еді, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): “Мейлі жалған десін”, — деп шығып кетті.

Одан келіп Қағба алдында құрайыштардың мәжілісіне қатысты. Сол араға Әбу Жәһл келіп Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына отырды. Көңіліне Аллаһ тәуфиқ салса деп, миғраж оқиғасын оған айта бастады. Мұны естісімен Әбу Жәһл орнынан ыршып тұрып, адамдарды шақырды. Адамдарға көргенімді хабарлағанымда, ақылдарына сыйғыза алмай қолдарын бастарына қойып

теңселіп кетті. Араларындағы біреулер: “Міне, енді жалғандығы анық болды”, — деп сандарын шапалақтады. Иманы әлсіз жандар ислам дінінен қайтып мұртад болды. Құрайыш кәпірлері бұл оқиғаны өздеріне үлкен бір дәлел ретінде қолданып: “Қалайша түннің бір сәтінде алыс жерге барып келеді, бұл анық өтірік емес пе?”, — деп момындарға тиісе бастады.

Басқа біреулер, жүгіріп хазреті Әбу Бәкірдің қасына келіп: “Ей, Әбу Бәкір досың Мұхаммедтің айтып жатқанын естідің бе? Ол тағы бір жаңа өтірікті айта бастапты. Екі айлық жер Байт әл-Мақдиске түннің бір-ақ сәтінде барып келдім деп жүр. Енді сен осыған да сенесің бе?” — деді. Оларға Әбу Бәкір: “Егер осыны Мұхаммед айтқан болса, ол рас айтқан, әрине мен оған сенемін. Өйткені жеті қабат аспан үстінен оған бір-ақ сәтте келген уахи хабарларына сеніп, оны мойындап жүрген мен, бұл айтқанына неге сенбейін”, — деді.

Сол күннен бастап Әбу Бәкір Сыддиқ деп атала бастады. Сонымен момын-кәпірлердің арасында түрлі-түрлі әңгімелер көбейді. Құрайыштықтардың арасында Құддыста болған адамдар көп еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) алдын Құддыста болып көрмеп еді. Байт әл-Мақдисты көргендері Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) сынамақшы болып, Байт әл-Мақдистың қандай екендігін сұрай бастады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көргенін айтып берген уақытта, Мекке мүшріктерінен білетіндері: “Иә сондай, иә сондай”, — деуден басқа ешнәрсе айта алмады. Одан соң бірқатары: “Біздің керуенімізді қай жерде көрдің?” — деп сұрады. Оларға да керуендерінде неше адам барлығын, жағдайлары қалай екенін, сол түні қай жерде қонғанын, кім басшы және ол қара боз түйеге мініп келе жатқаны, тіпті сол түйеге екі қап артылғаны бірі – ақ, бірі – қара екені жайлы хабар берді. Кейін адамдар керуенді күтіп алып қараса Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқанындай болып шықты. Бірақ осыншалық мұғжизаға куә болып тұрса да көпшілік иманға келмеді. Көпшілік яғни Меккенің мүшрік қауымы: “Мұхаммед арамызда жүріп көз байлауды, сиқыршылықты қайдан үйренді екен”, — деп алдынғыдан да бетер күмәні күшейді.

Миғраж түнінен кейін Жәбірейіл (ғ.с.) келіп Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) намаз уақыттарын, ракаттарын, намаз оқу тәртібін үйретті. Намаз парыз болғанға дейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ерте және кешке екі ракаттан төрт ракат етіп намаз оқып жүретін еді. Дәл осылай Ибраһим (ғ.с.) намаз оқитын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұны біреуден көрмей, ешкімнен үйренбей, Аллаһтың көңіліне салғаны бойынша оқып жүретін. Исра және миғраж оқиғасынан кейін Құрайыш қауымынан Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үміті үзілді.

Құрметті бауырлар! Ардақты айларда Жаратқан Аллаһ бәрімізді жарылқағай. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тілегендей біз де “Жаратқан Ием, ережеп, шағбан айларында береке беріп, рамазан айына жеткізе гөр!”, — деп тілейік.

Әбсаттар қажы Дербісәлі, Қазақстан Мұсылмандары
діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти